

Ұялы (мобильді) телефондарды қолдану ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. Оқу-тәрбие үдерісін өткізу барысында мектеп оқушылары үшін ұялы телефондар мен смартфондарды қолдану ережелері жұмыс тәртібін ұйымдастырудың сапасы көтеру мен реттеу, білім алу үдерісіндегі барлық субъектілер: оқушылар, ата-аналар (заңды тұлғалар), мектеп қызметкерлерінің азаматтық құқығын қорғау мақсатында бекітіледі.

1.2. Ережені сақтау мектепте алынатын білім беру қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыру, оқу-тәрбие үдерісін өткізу барысында психологиялық жайлы жағдайды туғызу, мектеп оқушыларын қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністерді насихаттаудан қорғау үшін көмегін тигізеді.

1.3. Ереже балалардың денсаулықтарына зиян келтіретін ұялы (мобильді) телефондардан тарайтын радиочастоталық және электромагниттік сәулелердің зардабын азайту, тәртіп деңгейін көтеру үшін құрылған.

1.4. Мектеп аумағында білім беру мекемесіне қатысты тұлғалар мобильді байланыс құралдарын қолдана алады.

2. Ұялы (мобильді) телефондардың қолданылуы, сақталуы

2.1. Мобильді байланыс құралдарын (ұялы, мобильді телефондар) қолдану:

- балалардың (оқушылардың) тұрған орнын, жүрген жерін, қандай жағдайда екенін бақылау;

- түрлі ақпараттармен бөлісуге мүмкіндік береді.

2.2. Мектепте білім беру үдерісі (сабақ, сыныптан тыс іс-шара) барысында мобильді байланыс құралдарымен (ұялы (мобильді) телефон) қолдануға тыйым салынады.

2.3. Оқушы білім беру үрдісінде (сабақ, сыныптан тыс іс-шара) өзінің ұялы (мобильді) телефонын сөндіруге немесе телефонның дыбыстық сигналдарын сөндіруге міндетті.

2.4. Мобильді байланыс құралдарын сабақ үдерісі кезінде сөмкелеріне немесе арнайы қорапқа салып қою керек.

2.5. Мектепте мобильді байланыс құралдарын сабақтар, іс-шаралар арасындағы үзілістерде қолдануға рұқсат етіледі.

2.6. Оқушылардың ұялы (мобильді) телефондарының сақталуына тек оның иесі ғана (иесінің ата-аналары, заңды тұлғалар) жауапты. Жоғалтқан және ұрланған ұялы телефондар бойынша істер ҚР заңнамаларына сәйкес қарастырылады.

3. Оқушылардың (тұтынушылардың) құқығы

3.1. Мектеп аумағында тұтынушы сабақ және білім беру үрдісінен тыс уақытында заманауи коммуникациялық құрал ретінде ұялы (мобильді) телефондарды:

- қоңырау шалу және қоңырауды қабылдау үшін;

- SMS –хабарламаларды жіберу үшін;

- ойнау;

- ақпаратпен алмасу;

- наушник арқылы радио мен әуенді тыңдау үшін қолдануға болады.

4. Оқушыларға (тұтынушыларға) тыйым салынады

4.1. Оқу-тәрбие үдерісінде ұялы (мобильді) телефон, смартфондарды кез-келген режимде (калькулятор, жазба кітапшасы, дыбыс жазу үшін диктофон, сөйлесу, радио мен әуен тыңдау, сурет, бейнеге түсіру, SMS –хабарлама жіберу) қолдануға тыйым салынады.

4.2. Ұялы (мобильді) телефонды сабақта және сыныптан тыс уақытта білім алу үдерісінің қатысушыларының жеке өміріне қатысты құқығын бұзуға жол берілетін сурет (бейнежазба) түсіретін камера ретінде қолдануға тыйым салынады.

4.3. Наушниксіз радио мен әуенді тыңдауға тыйым салынады.

4.4. Ұялы (мобильді) телефон арқылы қатыгездік пен зорлық-зомбылықты насихаттауға тыйым салынады.

5. Ережені бұзғандығы үшін жауапкершілік

Аталмыш Ережені бұзғандығы үшін төмендегі жауапкершілік қарастырылады:

5.1. Ережелерді бұзу фактілері бірінші рет кездесе мектептің педагог қызметкері білім алушыға ескерту жасап, Ережені бұзғандығы туралы деректі мектеп директорына баяндау хат түрінде (оқушыға түсініктеме жаздыра отырып) жеткізу керек.

5.2. Оқытушы оқушының күнделігіне Ережені бұзғандығы жөнінде тиісті жазбасын қалдырып, ұялы (мобильді) телефонын тартып алуға құқылы және ол туралы сынып жетекшісі мен оқушының ата-анасына хабарлауы тиіс. Телефон тек оқушының ата-анасына (заңды тұлғаларға) қайтарылады.

6. Қосымша ережелер

6.1. Ата-аналарға (заңды тұлғаларға) мектептегі оқу-тәрбие үдерісі кезінде балаларына (білім алушыларға) қоңырау шалу ұсынылмайды.

6.2. Мобильді байланыс құралдарын қолдану мәдениетін сақтау керек:

- дауыстап сөйлеспеу;

- әуеннің дауысын қатты шығармау;

- сөйлескенде қарым-қатынас ережесін сақтау.

6.3. Мектепке мобильді байланыс құралдарының жоғалуына материалдық жауапкершілік жүктелмейді.

6.4. Білім беру үдерісінің қатысушылары мобильді байланыс құралдарының сақталуы мақсатында өздерінің мобильді байланыс құралдарын қараусыз және сырт киімінің қалталарында қалдырмауға міндетті.

6.5. Ережені сақтауға қатысты білім беру үдерісінің қатысушылары арасындағы кикілжіңдер мектеп әкімшілігі, директорының қатысуымен жүргізілген келіссөздерге немесе ҚР заңнамасында бекітілген тәртіпке сәйкес шешіледі.